

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 22 қарашадағы № 138-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

1) 740-баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің 2-3) тармақшасында:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер ", ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы " деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 741-баптың екінші бөлігінің 2-3) тармақшасында:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер ", ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы " деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 9-баптың 5-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесі меншік иесінің өтініші бойынша оған осы Кодекстің 49-бабында белгіленген тәртіппен жер учаскесінің өзгертілген нысаналы мақсаты үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кадастрлық (бағалау) құнына тең болатын соманы бөліп төлеу ұсынылуы мүмкін.";

2) 44-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін олардың өтініштерін арнаулы есепке қоймай беруге тыйым салынады.";

3) 49-2-баптың 1-тармағы "елді мекендердің дамуын қамтамасыз ету," деген сөздерден кейін "жеке тұрғын үй салу," деген сөздермен толықтырылсын.

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

153-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "техникалық жағынан күрделі болып табылмайтын," деген сөздер алып тасталсын.

4. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

161-баптың жетінші бөлігінің екінші абзацында:

"тұрғын үйге ақы төлеуге арналған" деген сөздер "тұрғынжайға ақы төлеуге арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер "ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

156-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацында:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер ", ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" 1994 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

4-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін олардың өтініштерін арнаулы есепке қоймай беруге тыйым салынады."

7. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасында ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкін қоспағанда, мемлекет қатысатын мамандандырылған салалық банктерді құруға жол берілмейді.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі – Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын ерекше құқықтық мәртебесі бар екінші деңгейдегі банк.";

2) 36-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер ", ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 50-баптың 4-тармағы екінші бөлігінің 3), 3-1) және 3-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банктердің жеке тұлғалардың банктік шоттарындағы ақша қалдықтары және олар бойынша есепке жазылған сыйақы туралы мәліметтерді шот иесінің жазбаша келісімі негізінде аудиторлық ұйымға ұсынуы;

3-1) өз депозиторларының және кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы

орнықсыз банктер санатына жатқызылған және (немесе) төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктің, банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) және уәкілетті органның осындай банктің активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның қызметі туралы ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін ұсынуы;

3-2) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктің, уақытша әкімшіліктің (уақытша әкімшінің) немесе банктің тарату комиссиясының жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мәліметтерді, сондай-ақ кредитор мен борышкер бір тұлға болған жағдайда олардың міндеттемелері бойынша мәліметтерді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға және банк-агенттерге Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін ұсынуы;"

4) 51-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2-2) тармақшасында:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"есепке жатқызуға арналған" деген сөздерден кейін ", ұлттық даму институты мәртебесіне ие" деген сөздермен толықтырылсын;

"банктік шоттардағы" деген сөздер "банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 61-11-баптың 3-тармағының төртінші бөлігіндегі "арнайы резерв қаражатының есебінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-5 және 5-6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-5-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік қолдау

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік қолдау:

ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау;

тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау жолымен жүзеге асырылады.

5-6-бап. Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті

Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы орталық атқарушы орган тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру мақсатында:

1) ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялауды жүзеге асырады;

2) тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялауды жүзеге асырады;

3) ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау қағидаларын және квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілетін қызметтерінің құнын есептеу әдістемесін әзірлейді және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

4) тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау қағидаларын және квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілетін қызметтерінің құнын есептеу әдістемесін әзірлейді және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

9. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

1-4) және 1-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-4) бірыңғай республикалық электрондық база – осы Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

1-5) бюджеттік ұйымдар – мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындар;" ;
мынадай мазмұндағы 1-6) тармақшамен толықтырылсын:

"1-6) ведомстволық тұрғынжай қоры – мемлекеттік мекемелердің балансында тұрған, лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалатын мемлекеттік қызметшілерге тұрғынжай комиссиясының шешімі бойынша лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде тұру үшін одан әрі жекешелендіру құқығынсыз беруге арналған қызметтік тұрғынжайлар;" ;

21) тармақшадағы "арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне және" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-2) тармақша алып тасталсын;

26) тармақшадағы ", жесір" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-1) тармақшамен толықтырылсын:

"41-1) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары – бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды мемлекеттік қолдау үшін осы Заңда айқындалатын шаралар кешені;"

44-1), 44-2) және 44-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"44-1) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасы – осы Заңда айқындалған тәртіппен ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

44-2) тұрғын үй сертификаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде және осы Заңға сәйкес тұрғынжай сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны;

44-3) тұрғын үй төлемдері – тұрғын үй төлемдерін алушыларға қызметтік тұрғынжай берудің орнына, сондай-ақ осы Заңның 13-1-тарауында көзделген жағдайларда бюджет қаражаты есебінен арнаулы ақшалай қамтамасыз ету түрінде төленетін, өңірлер мен отбасы құрамы бойынша сараланған ақша;"

мынадай мазмұндағы 44-4) тармақшамен толықтырылсын:

"44-4) тұрғын үй төлемдерін алушылар – тұрғын үй төлемдерін алатын арнаулы мемлекеттік органдардың, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілер, сондай-ақ қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) аталған қызметкерлер мен әскери қызметшілердің отбасы мүшелері;"

2) 7-баптағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін" деген сөздер " уәкілетті орган айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8-1-бапта:

"Қазақстан Республикасының тұрғын" деген сөздер "1. Қазақстан Республикасының тұрғын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің дербес деректерге, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен

қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға қол жеткізе алатын жұмыскерлері оларды жоғалтқаны, бергені немесе өзге де заңсыз жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.";

4) 10-2-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-2) осы Заңда көзделген функцияларды іске асыру кезінде ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіні үйлестіруді және оған әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

1-3) бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдеріне мониторингті жүзеге асырады ;";

9-2) және 10-1) тармақшалар алып тасталсын;

10-12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10-12) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

10-14) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-32), 10-33), 10-34), 10-35) және 10-36) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-32) Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10-33) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10-34) тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10-35) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалға алу ақысының бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асырады;

10-36) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау тәртібін әзірлейді және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;"

5) 10-3-баптың 2-тармағында:

8) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-2) және 16-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-2) бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдеріне тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мониторингті жүзеге асырады;

16-3) тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін ақпараттық, консультациялық, әдістемелік көмек көрсетеді;"

б) 1-1-тарау мынадай мазмұндағы 10-7 және 10-8-баптармен толықтырылсын:

"10-7-бап. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі

1. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

2. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі:

1) бірыңғай республикалық электрондық базаны жүргізуді және жаңартып отыруды ;

2) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасын қалыптастыруды, жүргізуді және жаңартып отыруды;

3) осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруды;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-8-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына :

1) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды беру;

2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау;

3) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру;

4) тұрғын үй сертификаттарын беру жатады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын жергілікті атқарушы органдар іске асырады.";

7) 13-бапта:

7-тармақтың бірінші бөлігінің 1-1) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

9-тармақтың екінші бөлігі "тұрғынжайда" деген сөзден кейін "елу пайыз немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 14-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе осы Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сертификаттарын береді.";

9) 21-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғынжай иесінің отбасы мүшелері деп үнемі бірге тұратын жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің балалары (оның ішінде асырап алған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы немесе қамқоршылығындағы) танылады.

Жұбайының (зайыбының) тұрғынжай иесімен бірге тұратын ата-аналары, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген балалардың отбасылары өзара келісу бойынша ғана тұрғынжай иесінің отбасы мүшелері деп танылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың ережелері жалдаушының (қосымша жалдаушының) отбасы мүшелеріне қолданылады.";

10) 23-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға уәкілетті орган айқындаған тәртіппен кейіннен жалға берілетін жеке тұрғын үй қорынан тұрғынжайды жалдауға құқылы.";

11) 24-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіндегі "1) – 5) тармақшаларында" деген сөздер "1), 2), 3), 4) және 11) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 25-баптың 3-тармағындағы "1) – 5) тармақшаларында" деген сөздер "1), 2), 3), 4) және 11) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 29-баптың 4-тармағындағы "67-бабына" деген сөздер "69-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 9-тараудың тақырыбындағы "тұрғын үй немесе", "тұрғын үй беру" деген сөздер тиісінше "тұрғынжай немесе", "тұрғынжай беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою және мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру

1. Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар тұрғынжайға мұқтаж адамдардың тізімдерін жүргізеді және тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған

адамдардың тізімдерін және соңғы жиырма төрт айда мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған адамдардың тізімдерін олардың тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойылған күнін көрсете отырып, өздерінің интернет-ресурстарында жариялайды.

Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайлардан басқа, мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайлар қызметтік тұрғынжайларға теңестіріледі.

2. Осы баптың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар аталған мекемелердің осы елді мекендегі тұрғынжайға мұқтаж жұмыскерлеріне пайдалануға беріледі.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында құрылған мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында құрылған мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғынжай берудің міндетті шарты олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, жаңа тұрғылықты жері бойынша меншік құқығында тұрғынжайдың болмауы болып табылады.

Мемлекеттік мекемелер беретін тұрғынжайлар қызметтік тұрғынжайлар болып табылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар осы кәсіпорындардың жұмыскерлеріне пайдалануға беріледі және қызметтік тұрғынжайларға теңестіріледі.

4. Мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті Палаталарының, Премьер-Министрінің және Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін және оқшауланған мүлікті жедел басқару құқығы жоқ мемлекеттік органдардың осы елді мекендегі тұрғынжайға мұқтаж мемлекеттік қызметшілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де адамдарға пайдалануға беріледі.

5. Ведомстволық тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғынжайлар лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған, осы елді мекендегі тұрғынжайға мұқтаж

мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңіне пайдалануға беріледі.

6. Осы елді мекендегі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдары мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорының жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайлары тұрғынжайға мұқтаж деп танылған және тиісінше Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдарының кадрларында тұрған қызметкерлерге (жұмыскерлерге) қызмет өткеру (еңбек қатынастары) кезеңіне беріледі.

7. Астананың тұрғын үй қорын есепке алу және күтіп-ұстау саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар осы елді мекендегі тұрғынжайға мұқтаж мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар жұмыскерлеріне пайдалануға беріледі.";

16) 68-бап 11) тармақшасындағы "отбасылар жатады." деген сөздер "отбасылар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) жатады.";

17) 69-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"69-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаж деп тану

1. Кәмелетке толған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар, егер:

1) бірыңғай республикалық электрондық базаға және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде олардың соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайы болмаса;

2) тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде және мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғынжай берген кезде олардың осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болмаса;

3) тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде және мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғынжай берген кезде олардың Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайы болмаса;

4) есепке алуды осы тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын олардың жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылса, тұрғынжайға мұқтаж деп танылады.

2. Кәмелеттік жасқа толуы туралы талап кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балаларға, ата-аналарының

қамқорлығынсыз қалған балаларға қолданылмайды. Мұндай адамдарды әскери қызметке шақырған кезде жасы мерзімді әскери қызмет өткеру мерзіміне ұзартылады.

3. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған жалдаушының (қосымша жалдаушының) отбасы мүшелері тұрғынжайды жалдаушы (қосымша жалдаушы) сияқты негіздер бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаж деп таныла алмайды.

4. Жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған кезде меншік құқығындағы авариялық тұрғынжайды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес коммуналдық меншікке береді.";

18) 10-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

19) 71 және 72-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"71-бап. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою

1. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің осы Заңның 69-бабына сәйкес тұрғынжайға мұқтаж деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидаларына сәйкес осы елді мекенде тіркелген жері бойынша жүзеге асырылады.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғынжайға мұқтаждарды есепке қою кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы шешімді есепке қою туралы хабарламаны не есепке қоюдан уәжді бас тартуды жібере отырып, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қабылдайды және өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының азаматына, қандасқа электрондық пошта арқылы немесе

ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы оның абоненттік нөміріне мәтіндік хабар түрінде жіберіледі.

2. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің республикалық маңызы бар қалаларда, астанада Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюы кезінде соңғы үш жылда тұрғылықты жері бойынша тіркеу талап етіледі. Көрсетілген талап кәметке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балаларға, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балаларға қолданылмайды.

3. Жетім балалардың, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды өкілдері жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру ұйымына, медициналық немесе басқа да ұйымға келіп түскен күннен бастап немесе оларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен бастап не патронат тәрбиешімен, баланы қабылдайтын ата-аналармен шарт жасасқан күннен бастап үш ай ішінде баланы жетім балалардың, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалардың бастапқы есепке қойылған жері бойынша не заңды өкілінің нақты тұратын жері бойынша тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюға міндетті.

Баланы қабылдайтын отбасы бала асырап алудың, қорғаншылықтың немесе қамқоршылықтың, патронаттық тәрбиенің күші жойылғаннан кейін жетім балаларды, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру ұйымдарына, медициналық немесе басқа да ұйымға қайтарған жағдайда, балалар асырап алушыға, қорғаншыға, қамқоршыға, патронаттық тәрбиешіге, баланы қабылдайтын ата-анаға берілгенге дейін олар тұрғынжайға мұқтаждарды есепке алу тізімдерінде қалпына келтіріледі.

Жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар облыс шегінде тұрғынжайға мұқтаждарды есепке қоюдың бастапқы күні сақтала отырып, тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойылады.

Тұрғылықты жері ауысқан кезде жетім балаларды, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балаларды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар етіп қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешені мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша берілген жағдайда, бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері ретінде тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған, мемлекеттік мекеменің немесе қазыналық кәсіпорынның жұмыскерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері деп танылады.

5. Бірыңғай республикалық электрондық базада тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюға жол берілмейді.

6. Бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдерін түгендеу ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың жаңартылған тізімдерін жариялай отырып, тоқсанына кемінде бір рет жүргізіледі.

72-бап. Тұрғынжайға мұқтаждарды есепке қоюдан бас тарту негіздері

Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды, егер:

1) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде олардың соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайлары бар болған немесе болған;

2) мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде олардың осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайлары болған;

3) мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде олардың Қазақстан Республикасында меншік құқығында тұрғынжайлары болған;

4) мемлекеттік тұрғын үй қорынан пайдалануға берілген тұрғынжайы немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайы болған;

5) ұсынылған құжаттарда және (немесе) мәліметтерде анық емес деректер болған;

6) олар бұрын мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды алған және жекешелендірген;

7) олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған, басқа елді мекенде орналасқан жалғыз тұрғынжайы болған;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары, саланы (аяны) дамыту тұжырымдамасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, меншігіне тұрғынжай сатып алған жағдайларда тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тартылады.";

20) 73-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаждар есебінен шығару негіздері

1. Бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан

Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаждар есебінен шығару :

- 1) осы Заңның 69-бабына сәйкес тұрғынжайға мұқтаж деп тану үшін негіздер болмаған;
- 2) басқа елді мекенге тұрақты тұру үшін кеткен;
- 3) мемлекеттік мекемедегі немесе мемлекеттік кәсіпорындағы еңбек қатынастарын тоқтатқан;
- 4) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған;
- 5) тұрғынжайға мұқтаж деп тану үшін негіздер ретінде анық емес деректерді қамтитын құжаттар және (немесе) мәліметтер ұсынған;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған немесе шет мемлекеттің аумағында тұруға ықтиярхат не тұрақты тұру құқығын растайтын өзге де құжат алған;
- 7) соттың заңды күшіне енген айыптау үкіміне сәйкес өмір бойына бас бостандығынан айырылған;
- 8) соттың заңды күшіне енген шешімімен хабарсыз кетті деп танылған;
- 9) қайтыс болған немесе соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жариялаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда:

- 1) жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар кәмелетке толғанынан кейін;
- 2) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;
- 3) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;
- 4) толық емес отбасылар балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;
- 5) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келген, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған қандастар;
- 6) жесір әйелдер (тұл ер адамдар) балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін тұрғынжайға мұқтаждар есебінен шығарылуға жатпайды.";

2-1-тармақ алып тасталсын;

21) 74-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан

Республикасының азаматтарына, қандастарға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес, кіріс деңгейіне және тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойылған күніне қарай іске асырылады.

Бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың құқықтары тең деп танылады.

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың, көпбалалы отбасылардың, мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылардың, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың, жесір әйелдердің (тұл ер адамдардың) осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде тұрғынжай бөлінетін жыл аясында бірінші кезекте құқығы болады, оларға жалпы тұрғынжайлар көлеміндегі тұрғынжайдың кемінде жетпіс пайызы беріледі.

2. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылған кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

3. Бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған, осы Заңның 68-бабының 10) тармақшасында айқындалған санатқа жататын Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдар бір жылдан кешіктірмей тұрғынжайлармен қамтамасыз етеді.

4. Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну туралы шешімді тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қабылдайды.";

22) 75-бапта:

4-тармақ "азаматтарға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың 5-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай берудің осы бапта белгіленген нормалары Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тұрғынжайға мұқтаждығын анықтау мақсатында олардың меншік құқығындағы тұрғынжайларының жеткіліктілігін бағалауға қолданылмайды.";

23) 76-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, қарттарға, денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен аурулар тізімінде санамаланған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай олардың тілегі ескеріле отырып төменгі қабаттардан, лифтілері бар көппәтерлі тұрғын үйлерден, ал тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдарға екінші қабаттан жоғары емес қабаттан беріледі.";

24) 77 және 78-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"77-бап. Мемлекеттік мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру туралы шешімі

1. Мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғынжай мемлекеттік мекеменің тұрғын үй комиссиясының тұрғынжай беру туралы шешімінің және үш данада жасалатын тұрғынжайды жалдау шартының негізінде беріледі. Тұрғынжайды жалдау шартының бірінші данасы мемлекеттік мекемеде сақталады, екінші данасы жергілікті атқарушы органға беріледі, ол қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады, үшінші данасы жұмыскерге беріледі және тұрғынжайда тұруға құқық беретін құжат болып табылады.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғынжай мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй комиссиясының тұрғынжай беру туралы шешімінің және үш данада жасалған тұрғынжайды жалдау шартының негізінде беріледі. Тұрғынжайды жалдау шартының бірінші данасы мемлекеттік кәсіпорында сақталады, екінші данасы жергілікті атқарушы органға беріледі, ол қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады, үшінші данасы жұмыскерге беріледі және тұрғынжайда тұруға құқық беретін құжат болып табылады.

3. Осы Заңның 67-бабының 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар тұрғынжай беретін мемлекеттік мекемеге мемлекеттік органдардың тұрғынжайға мұқтаж адамдарының тұрғын үй комиссиясы бекіткен тізімдерін жібереді. Мемлекеттік мекеменің тұрғын үй комиссиясының шешімі тұрғынжайға мұқтаж адамдардың мемлекеттік орган ұсынған тізімдері негізінде қабылданады.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік

органдарының мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғынжай Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының тұрғын үй комиссиясының шешімі негізінде беріледі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының тұрғын үй комиссиялары қызметінің тәртібін уәкілетті мемлекеттік органның басшысы айқындайды.

78-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың жариялылығы мен ашықтығы

1. Бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдері ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің интернет-ресурсында ай сайын жарияланады.

Соңғы жиырма төрт айдағы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың тізімдері бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың талап етуі бойынша танысу үшін беріледі және ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің интернет-ресурсында орналастырылады.

2. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар тізімдерінің нысандары:

бірыңғай республикалық электрондық базаға, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою күнін;

тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шарасының түрі мен берілген күнін қоса алғанда, оны алу негіздерін қамтиды.

3. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес осы Заңда көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына және уәкілетті органға бірыңғай республикалық электрондық базаға, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына қолжетімділікті ұсынуға міндетті.";

25) 90-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"90-бап. Уақытша болмаған жалдаушыға тиесілі, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалану";

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайда немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайда осы Заңның 86-бабына сәйкес тұрғынжай өзінде сақталатын уақытша болмаған жалға алушының отбасы мүшелері тұрмайтын болса, жалға алушы жалға берушінің жазбаша келісімі бойынша тұрғынжайдың сақталу мерзіміне тұрғынжайға қосымша жалдау (уақытша тұрғызу) шарты бойынша уақытша тұрғындар кіргізуге құқылы.";

екінші бөлікте:

"мемлекеттік тұрғын үй қорындағы өзіне сақталатын тұрғын үйге" деген сөздер "өзіне сақталатын мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тұрғын үйді", "қорындағы тұрғын үй жалға алушыға" деген сөздер тиісінше "тұрғынжайды", "қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай жалға алушыға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "басқа тұрғын үй" деген сөздер "басқа тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған басқа тұрғынжай" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 95-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"95-бап. Отбасының басқа мүшесін жалға алушы (қосымша жалға алушы) деп тану салдарынан жалдау (қосымша жалдау) шартын өзгерту

Жалға алу (қосымша жалға алу) шартында көрсетілген жалға алушы (қосымша жалға алушы) отбасының кәмелетке толған мүшесі жалға алушының (қосымша жалға алушының) және отбасының кәмелетке толған қалған мүшелерінің келісімімен жалға берушіден бұрын жасалған жалға алу (қосымша жалға алу) шарты бойынша алғашқы жалға алушының (қосымша жалға алушының) орнына өзін жалға алушы (қосымша жалға алушы) деп тануды талап ете алады. Жалға алушы (қосымша жалға алушы) қайтыс болған (қаза тапқан), заңды күшіне енген сот шешімімен қайтыс болды деп жарияланған, заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кетті деп танылған не соттың заңды күшіне енген айыптау үкіміне сәйкес өмір бойына бас бостандығынан айырылған жағдайларда, жалға алушының (қосымша жалға алушының) отбасының жалға алу (қосымша жалға алу) шартында көрсетілген кәмелетке толған кез келген мүшесіне нақ осындай құқық тиесілі болады.

Жалға алушының (қосымша жалға алушының) ауысуы мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган

жалдаған тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шартын қайта ресімдеуге алып келеді.";

27) 98-бапта:

1-тармақтағы "Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжайды қоспағанда, коммуналдық" деген сөздер "Коммуналдық" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "пәтерлері жекешелендірілмейтін (сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй)" деген сөздер алып тасталсын;

28) 98-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар жалғыз тұрғынжайы ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша ипотека нысанасы болып табылғанда және Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган сатып алғанда Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.";

29) 107-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"107-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғынжайдан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайдан басқа тұрғынжай берілмей шығару негіздері

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғынжайдан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайдан, егер:

1) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері тұрғынжайды үнемі қиратса немесе бүлдірсе;

2) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері тұру (болу) шарттарын үнемі бұзу арқылы басқа адамдардың өздерімен бір тұрғынжайда немесе бір көппәтерлі тұрғын үйде тұруына мүмкіндік бермесе;

3) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері дәлелді себептерсіз тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеуден қатарынан алты ай бойы жалтарса;

4) адамдар ата-аналық құқығынан айырылған болса және олардың ата-аналық құқықтарынан айырылуына байланысты балаларымен бірге тұруы мүмкін емес деп танылса;

5) адам тұрғынжайға өз бетімен басып кіріп алса;

6) тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шарты осы Заңның 108-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылса;

7) мұрагерлік, сыйға тарту тәртібімен тұрғынжайды меншікке сатып алуды қоспағанда, жалға алушы (қосымша жалға алушы), жалға алушының (қосымша жалға алушының) жұбайы (зайыбы) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жеріне қарамастан, меншік құқығындағы тұрғынжайды сатып алса, басқа тұрғынжай берілмей шығаруға жол беріледі.

Мұрагерлік, сыйға тарту тәртібімен тұрғынжайды сатып алған жағдайда, жалдаушы (қосымша жалдаушы), жалдаушының (қосымша жалдаушының) жұбайы (зайыбы) он

екі ай ішінде сатып алынған тұрғынжайды иеліктен шығаруға не мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды қайтарып беруге міндетті;

8) осы Заңның 111-бабында (101-бабының 3-тармағында және 109-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) және 114-бабында көзделген негіздер туындаса;

9) осы Заңның 85 және 86-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалға алушы (қосымша жалға алушы) тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шартын жаңа мерзімге қайта жасасудан жергілікті атқарушы органнан хабарлама алған күннен бастап үш ай бойы жалтарса;

10) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері жалға берушінің жазбаша келісімінсіз тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шарты бойынша тұрғынжайға тұрғындарды кіргізсе не оған уақытша тұрғындарды тұрғызса;

11) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шартының талаптарын үнемі бұзса, басқа тұрғынжай берілмей шығаруға жол беріледі.";

30) 109-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

бірінші абзац "жұмыскерлері" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "байланысты тоқтатылса, жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, өздері тұратын қызметтік тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіре алады." деген сөздер "байланысты;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы

4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымында болу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылса, жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, өздері тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіре алады.".

10. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-бапта:

6-2) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын;

6-5) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "лицензиясы бар банк" деген сөздер "лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекет қатысатын тұрғын үй құрылысы жинақ банкі ұлттық даму институты мәртебесіне ие, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюға уәкілетті екінші деңгейдегі банк болып табылады.";

3-тармақ "банктерін" деген сөзден кейін ", ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.";

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызмет түрлерін де жүзеге асырады.

Осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында және 2-тармағы бірінші бөлігінің 6-2) тармақшасында көзделген қызметті қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияның негізінде ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі ғана жүзеге асыруға құқылы."

12. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-баптың 1-тармағында:

27-3) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын;

27-6) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 31-баптың 1-тармағында:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайларын салуды және олардың берілуін ұйымдастырады;"

16-2) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын;

16-5) тармақшадағы "қасбеттерін, шатырларын" деген сөздер "сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау," деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

56-баптың 2-тармағы "аумақтардың" деген сөзден кейін "және оларға іргелес жатқан аумақтардың" деген сөздермен толықтырылсын.

14. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе "дара кәсіпкерлік субъектілерінің" деген сөздерден кейін ", жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың және кәсіби медиаторлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) депозитор – қатысушы банкпен банктік шот және (немесе) банктік салым шартын жасасқан не пайдасына салым енгізілген жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкерлік субъектісі, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор;"

8) тармақша алып тасталсын;

3) 7-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац "ұйым" деген сөзден кейін "өз міндеттері мен функцияларын орындау үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "жеке тұлғалардың депозиттері жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ кредитор мен борышкер бір тұлға болған жағдайда олардың міндеттемелері жөніндегі, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді" деген сөздер "активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, осындай банктің (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының) қызметі туралы, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіру үшін банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы) уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиясын алған күні депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысан бойынша

жасалған өтінішті, сондай-ақ уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиясы туралы мәліметтерді ұсыну арқылы қосылу шартына қосылуға міндетті.";

"4. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым банктен (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалынан) қосылу шартына қосылуы туралы өтiнiшiн алған күннен бастап екі жұмыс күні iшiнде ол туралы ақпаратты депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы банктер тiзiлiмiне енгiзедi және банктi (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын) депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне кiргенi жөнiнде жазбаша нысанда хабардар етедi.";

6-тармақ алып тасталсын;

5) 11-баптың 2-тармағының 10) тармақшасындағы "қатысушы банк куәлігін алған" деген сөздер "депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы банктер тiзiлiмiне енгiзiлген" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 12-баптың 1-тармағы бiрiншi бөлiгiнiң 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қосымша жарналар – депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйымның арнаулы резервiнiң қаражаты және осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген тәртiппен пайдаланылатын меншiктi активтерi кепiлдiк берiлген өтемдi төлеуге жеткiлiксiз болған жағдайда төленетiн қатысушы банктердiң бiржолғы төлемдерi";

7) 13-баптың 2-тармағының бiрiншi бөлiгiнде:

2) тармақшадағы "қатысушы банк куәлігiнiң нөмiрi мен берiлген күнiн көрсете отырып," деген сөздер алып тасталсын;

5-1) тармақшадағы "жеке тұлғалардың депозиттерi жөнiндегi мәліметтердi, сондай-ақ кредитор мен борышкер бiр тұлға болған жағдайда олардың мiндеттемелерi жөнiндегi, оның iшiнде банктiк және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердi" деген сөздер "қатысушы банктiң активтерi мен мiндеттемелерi туралы мәліметтердi қоса алғанда, өз қызметi туралы, оның iшiнде банктiк және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтердi және құжаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қатысушы банктiң атауы өзгерген жағдайда депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым қатысушы банктен растайтын құжаттарды алған кезден бастап екі жұмыс күні iшiнде депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы банктер тiзiлiмiне тиiстi өзгерiстер енгiзедi.";

9) 15-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қатысушы банктi депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiнен шығару депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы банктер тiзiлiмiнен ол туралы ақпаратты алып тастау арқылы жүзеге асырылады.

4. Қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиядан уәкілетті органның айыруы, ерікті түрде қайта ұйымдастыру негізі бойынша, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша шығарылған кезде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарылған банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы) шығарылған күнінен бастап үш ай ішінде депозиторлардың депозиттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тікелей төлеу не басқа қатысушы банкке аудару арқылы қайтаруға міндетті.

Қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен осы баптың 2-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша шығарылған кезде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарылған банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы) депозиторлардың депозиттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қайтаруға міндетті.";

10) 16-бапта:

1-тармақтағы "банк активтері мен міндеттемелерін жеке және (немесе) заңды тұлғалар алдында ішінара не толық көлемде" деген сөздер "төлемге қабілетсіз қатысушы банктің не барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған қатысушы банктің активтері мен міндеттемелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес басқа банкке (басқа банктерге) берілетін кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері төлемге қабілетсіз қатысушы банктің не барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырылған қатысушы банктің мүлкінің мөлшерінен асып түскен жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым пайда болған айырманы арнаулы резервтің қаражаты есебінен, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен пайдаланылатын меншікті активтерінің есебінен толтыруға міндетті.";

11) 17-бапта:

"жеке тұлғалардың теңге мен шетел валютасындағы депозиттерін" деген сөздер "теңге мен шетел валютасындағы депозиттерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сыйақыны" деген сөзден кейін "осы Заңда көзделген кепілдік берілген өтем сомалары шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"қайтару" деген сөз "депозиторларға қайтару" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Талап ету құқықтары заңды тұлғалар мен жергілікті атқарушы органдарға өтетін депозиторлардың депозиттері депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілері болып табылмайды.";

12) 22-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың бесінші абзацындағы "пайдаланылуы мүмкін" деген сөздер " пайдаланылады" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағында көзделген мақсаттар үшін арнаулы резервтің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым шығыстарды өзінің жарғылық капиталы мөлшерінің жетпіс пайызы шегінде меншікті активтері есебінен көтереді.

Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның жалғыз акционері меншікті активтерінің қаражатын пайдаланудың осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген шектен асатын өзге мөлшерін белгілеуге құқылы.";

13) 23-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнаулы резервінің қаражаты және осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен пайдаланылатын меншікті активтері кепілдік берілген өтемді төлеуге жеткіліксіз болған, сондай-ақ жетіспейтін соманы қатысушы банктердің қосымша жарналары есебінен жабу мүмкін болмаған кезде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен жетіспейтін ақша сомасында қарыз алуға құқылы."

15. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мемлекеттік органдардың, өзге де мемлекеттік мекемелердің, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының және ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің ғана ақпараттық жүйелері үшін электрондық ақпараттық ресурс болып табылады.";

2) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-11) тармақшамен толықтырылсын:

"3-11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметті жүзеге асыру мақсатында ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне ;".

16. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-бап мынадай мазмұндағы 19-14) тармақшамен толықтырылсын:

"19-14) жергілікті бюджет қаражаты болған кезде астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы;"

17. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

17-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің;"

18. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 58-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған банктік шоттағы ақшаға;"

2) 62-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 2-1) тармақшасында:

"тұрғын үй құрылысы" деген сөздер "ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"банктік шоттардағы" деген сөздер "банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 98-баптың бірінші бөлігінің 18-3) тармақшасында:

"тұрғын үй құрылысы" деген сөздер "ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"банктік шоттардағы" деген сөздер "банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 33) тармақшасы "іске асыру" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-7-бабында көзделген қызметті жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын.

20. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-қосымшаның 53-жолының 3-бағаны мынадай мазмұндағы 31, 32, 33, 34 және 35-тармақтармен толықтырылсын:

"31. Меншікті бағалы қағаздарының эмиссиясы (акцияларды қоспағанда).

32. Шетел валютасымен айырбастау операциялары.

33. Сенімгердің мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын басқарудың сенімгерлік операциялары.

34. Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу және ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну үшін сенімгердің мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары.

35. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сенімгердің мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары."

21. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 21-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" деген сөздер "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 27-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақша "ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды," деген сөздерден кейін "тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан есепке жатқызылатын біржолғы зейнетақы төлемдерін," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"арналған" деген сөзден кейін "ұлттық даму институты мәртебесіне ие" деген сөздермен толықтырылсын;

"банктік шоттар" деген сөздер "банктік шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың үшінші бөлігінің 2-2) тармақшасында:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер "ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың екінші бөлігінде:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы" деген сөздер "ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 46-баптың 7-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында:

"тұрғын үйге" деген сөздер "тұрғынжайға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұрғын үй құрылысы жинақ банкідегі банктік шоттардағы" деген сөздер "ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкідегі банктік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1, 4 және 5-тармақтарын, 7-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларын, 9-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы және он жетінші абзацтарын, 3) тармақшасын, 4) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, сегізінші, оныншы, он бірінші және он екінші абзацтарын, 5) тармақшасының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 6), 8), 10), 13), 15), 17), 18), 19), 20), 21), 24), 28) және 29) тармақшаларын, 11-тармағы 1) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарын және 2) тармақшасын, 12-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 15, 17, 18, 19 және 20-тармақтарын, 21-тармағы 2) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтарын, 3) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Жергілікті атқарушы органдар тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді бірыңғай республикалық электрондық базаға енгізу үшін ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде беруге міндетті.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды бірыңғай республикалық электрондық базаға тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасы қолданысқа енгізілген кезге дейін жүзеге асырады.

3. Коммуналдық тұрғын үй қорынан сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай берілген Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен және кәмелетке толмағандардың құқықтарын ескере отырып, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды жекешелендіруге құқылы.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік тұрғын үй қорынан пайдалануға берілген тұрғынжайларға да қолданылады.

4. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдардың еңбек қатынастарының сипатына байланысты өздеріне мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайларда жалдау шарты бойынша тұратын жұмыскерлері, оның ішінде еңбек қатынастарын тоқтатқан жұмыскерлері, егер олар мемлекеттік қызметте, мемлекеттік мекемелерде, мемлекеттік кәсіпорындарда немесе осы ұйымда кемінде он жыл (жиынтығында) жұмыс істесе не еңбек қатынастары мынадай негіздер бойынша:

1) ұйымның таратылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқартылуына;

2) жұмыскердің осы жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін және оны жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне;

3) зейнеткерлікке шығуға байланысты тоқтатылса, еңбек өтіліне қарамастан, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

5. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жекешелендірген Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік тұрғын үй қорындағы өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жекешелендіруге құқылы

6. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабы 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаж деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай алу құқығын сақтайды.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ